



«Бекітемін»

ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры

М. Ерманова

_____ 2025 ж.

**Отбасы күніне арналған,
мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының
қатысуымен «Бақытты отбасы» республикалық байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан (мемлекеттік, жекеменшік) мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен Отбасы күніне арналған «Бақытты отбасы» республикалық байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** отбасылық құндылықтарды дәріптеу арқылы ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту.

1.4. Міндеттері:

- отбасылық тәрбиенің оң тәжірибесін тарату және ата-ананың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру;

- балаларды өз ұлтының дәстүрлерімен, отбасылық құндылықтарымен таныстыру;

- отбасылық дәстүрлер мен ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтуға ықпал ету;

- ересектерді құрметтеуге балаларды баулу және ересектердің балаларға деген мейірімді қарым-қатынасын қалыптастыру;

- мектеп жасына дейінгі балаларды дербестікке ынталандырып, еңбекқорлыққа баулу;

- отбасылардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасау;

- өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында отансүйгіштік пен өз отбасына деген мақтаныш сезімін дамыту

- «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» «Әжелер мектебі», «Аталар мектебінің» жұмысын жандандыру.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттары

2.1. Байқаудың ұйымдастырушылары – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық, қалалық білім бөлімдері, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары.

2.2. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

I кезең - аудандық, қалалық;

II кезең - облыстық;

III-республикалық деңгей.

2.3. Өңірлерде Байқау өткізу туралы хабарландыруды аудандардың, қалалардың білім бөлімдері, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда Байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.4. Байқаудың барлық кезеңдерінде материалдарды бағалау үшін Білім басқармасы басшысының бұйрығымен аудан, қала, облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде байқау комиссиясы құрылады (құрамы кемінде 7 адам).

2.5. Байқау комиссиясы аудандық, қалалық бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармасының мамандары, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлер, білікті педагогтер, ата-аналар қоғамдастығы өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т. б. қатарынан құрылады.

2.6. Байқау комиссиясы мүшелері келесі құқықтарға ие болады:

- байқау нәтижелері бойынша жүлделі орындардың (екі бірінші, екінші орын және т. б.) қайталануына жол беру;

- жүлделі орындарға лайықты үміткерлер болмаған жағдайда орындар бермеу;

- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарастырмау;

- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамау;

- Ережеде көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген бейнематериалдарды қарамауға (2.9-тармақ.).

2.7. Байқаудың I және II кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу үшін Ережеде облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларының байланыс телефондары мен электрондық поштасын көрсету қажет.

2.8. Республикалық кезеңнің байқау комиссиясының қарауына қажетті материалдардың тізбесі:

- 1) Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың Білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

- 2) байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы Ереженің 1-қосымшасы);

- 3) ересек және мектепалды топтардан (сыныптардан) байқаудың I және II кезеңдеріне қатысушылардың санын көрсете отырып, II кезең қорытындысы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармасының байқау комиссиясының **хаттамасы** (сканерленген көшірме);

- 4) ресімдеуге қойылатын талаптарға және бағалау критерийлеріне сәйкес келетін **бейнематериал**.

2.9. Отбасы күніне арналған, мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен «Бақытты отбасы» Байқауының материалдары **2025 жылдың «06» мамырынан** кешіктірілмей i-grd2021@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

3. Қатысушыларға қойылатын талаптар және байқау шарттары

3.1. Жіберілген бейнематериалдарда ата-ананың өзіндік бала тәрбиелеу әдістері, отбасылық дәстүрлерді насихаттауы (отбасылық мерекелерді атап өту, бос уақытты ұйымдастыру), балалармен бірлескен әрекеттері (кітап оқу, ертегі тыңдау, мерекеге дайындық, сүйікті істерімен бірге айналысу), салауатты өмір салтын ұстануы (таза аудағы демалыс, жаттығу залдарына бару, спорттық шараларға қатысу), отбасылық кәсіпке (төрт түлікті баптау, балық аулау, кілем тоқу, аспаптарда ойнау, ұлттық тағамдарды әзірлеу) баланы баулу, ата мен әженің бала тәрбиесінде алатын рөлі көрініс табу керек.

3.2. Бірлескен жұмыста бала жасының ескерілуі, қауіпсіздік ережелерінің сақталуы, баланың қызығушылығы және өз ойын еркін білдіруі, бала мен ата-ананың әрекеті, бірлескен әрекетте баланың ата-анасымен, ата-әжесімен әңгімелесуі, қарым-қатынасы көрсетілуі тиіс.

3.3. Байқау шығармашылық мереке атмосферасын құра отырып, балалар үшін қауіпсіз жерде, эстетикалық безендірілген үй-жайда өткізіледі.

3.4. Байқаудың II және III кезеңдеріне жүлдегерлер, 1 және 2 орын иегерлері (жеңімпаздардың 2 отбасылық командасынан артық емес) жіберіледі.

3.5. Бейнематериалдар YouTube бейне платформасына жүктеледі, сілтеме өтінімде орналастырылады.

3.6. Байқауға қатысушының өтінімі осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, Байқау өткізу шеңберінде дербес деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

3.7. Бейнематериал ұзақтығы 3 минуттан аспауы тиіс.

4. Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау

4.1 Отбасы күніне арналған, мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен «Бақытты отбасы» байқауының республикалық кезеңінің қорытындысы бойынша мынадай жүлделі орындар мен номинациялар белгіленеді:

I орын;

II орын;

III орын.

Номинациялар:

- «Дәстүрін дәріптеген отбасы»;

- «Шығармашыл отбасы»;

- «Ынтымағы жарасқан отбасы»;

- «Өнегелі отбасы».

4.2. Байқаудың республикалық кезеңінің жеңімпаздары Институттың дипломдармен марапатталады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді дайындаған педагогтерге алғыс хаттар беріледі.

4.3. Байқаудың қорытындылары мен жеңімпаздардың материалдары Институттың www.irrd.kz сайтында және әлеуметтік желілер парақшасында жарияланады.

Анықтамалар үшін телефон: 8 (7172) 57-46-52

**Отбасы күніне арналған,
мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының
қатысуымен «Бақытты отбасы» республикалық байқауына өтінім**

_____ облысынан

Білім беру ұйымының толық атауы (МДҰ Жарғысына сәйкес)	
Қатысушылар туралы мәліметтер (тегі, аты, балалардың жасы)	
Жауапты педагогтің аты-жөні және лауазымы	
Жауапты педагогтің байланыс телефоны	
Бейнематериал орналастырылған YouTube бейне платформасынан сілтеме	

**Бейнематериалға қойылатын талаптар мен техникалық шарттар
(5 балл)**

Бейнематериалдың басты бетінде: мектепке дейінгі ұйымның атауын; байқаудың атауын; қатысушылар туралы мәліметтерді (баланың тегі, аты, жасы) және жауапты педагог туралы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) көрсету қажет.

Байқау материалдарын бағалау мынадай критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- педагогтің, ата-аналардың ұйымдастырушылық шеберлігі;
- балалардың Байқау шарттарын түсінуі;
- материалдың Байқау тақырыбына сәйкестігі;
- материалды берудегі өзіндік, стандартты емес ерекшелігі, креативтілік;
- бейнематериалдың сапасы;
- жасына сәйкестігі;
- Байқау өткізу орнын рәсімдеудің эстетикалық жағы.

Бейнематериалдың техникалық сипаттамасы:

- түсірілім кәсіби, сапалы, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай (басынан аяғына дейін) орындалуы тиіс;
- бейнежазба MPEG-4 форматында қабылданады;
- әр файлдың өлшемі 300 Мб-тан аспайды.
- бейнематериалдың ұзақтығы – 3 (үш) минуттан аспайды.

Бейнеролик өтінімге сілтеме орналастыра отырып, YouTube бейне платформасына жүктеледі.